

**Қазақ тілі мен әдебиеті
сабағында әдіс-тәсілдерді
тиімді пайдалану жолдары**

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«Нұртас Ондасынов атындағы
№ 5 жалпы білім беретін мектеп» КММ**

**ДЖАЙБЕРГЕНОВА КАМАУЖАЙ УМИРЗАКОВНА
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Ақтау– 2025

КІРІСПЕ

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу- тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Заман талабына сай білім беру оқушылардың адамгершілік, интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі мен білімін қамтамасыз етуге бағытталған оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілеті мен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы әдістеріне көшуді талап етеді. Ондағы негізгі мақсат оқушыға сапалы білім беру болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа кезкелген пәнді ұғындырудың тиімді жолы — жаңа технология негіздері болып табылады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды.

Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Соңғы жылдары оқытудың жаңа технологиялары білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Олардың ішінде отандық әдіскер ғалымдар жасақтаған «Модульдік оқыту технологиясы»(М.Жанпейісова), «Деңгейлік тапсырмалар» (Ж.Қараев), әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына арналған «Сатылай кешенді талдау» (Н.Оразақынова) т.б. технологиялары мұғалімдердің қызығушылығын арттырып, оқу үдерістеріне кеңінен ендірілуде.

Мұндай әдіс – тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиялары туралы арнайы еңбектер мен ғылыми – әдістемелік тұрғыдан баяндайтын құралдар, түрлі курстар мен білім сатысы оқулары арқылы мұғалімдердің әдіскерлік шеберліктерін ұштауларына мүмкіндіктер мол.

Сондықтан түпкі нәтижені таңдаудың, оны мақсатқа сай ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру – мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Оқыту әрекетінде жеке, топтық, ұжымдық жұмыстарды оқу мазмұны мен мақсатқа сәйкес, үйлесімді түрде жүргізудің қажеттілігі осыдан туындайды.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасында білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес оқу жоспарының вариативті компонентінің гуманитарлық бағытындағы да, жаратылыстану-математикалық бағытындағы курстарына да барлық пәндер циклі бойынша (3 сағат қолданбалы курс және 3 сағаты таңдау курстары) бөлінген. Осындай курстар оқу жоспарының мектеп және оқушы компоненттері есебінен оқытылады және олардың авторлық сипаты болады.

Вариативті компоненттің оқу курстары бойынша бірыңғай ұлттық тестілеу жүргізілмейді.

Мектептің жоғарғы деңгейіндегі бағдарлап оқытудың маңызды бөлігі негізгі мектептің 8-9-сыныптарында ұйымдастырылатын бағдаралды дайындық болып табылады. Ол құрамдас үш бөліктен тұрады:

1. Кәсіби бағдарлау бойынша ақпарат беру.
2. Кәсіби бағдарлау бойынша таңдау курстарын ұйымдастыру.
3. Психологиялық көмек беру.

Бағдаралды дайындық нәтижесінде оқушыға мектептің жоғары деңгейіндегі оқу бағдарын немесе орта кәсіби білім беру жүйесіндегі мамандықты саналы да сенімді түрде таңдап алуына мүмкіндік туады.

5-10 сыныптарда білім берудің алдында тұрған міндеттер білім беру стандарты негізінде дайындалған оқу бағдарламалары мен оқу жоспары арқылы жүзеге асырылады.

Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналатындықтан, мектеп жасындағы балалар «Қазақ тілі» пәні арқылы тілдің үш түрлі қызметін: теориялық мәселелердің практикалық дағдының базасы болатынын пайымдауға үйрететін білімдік қызметін; жалпы адамзат жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгеруге болатынына және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін алған білімді практикалық тұрғыда қалай қолдану іскерліктерін жетілдіруге бағыттайтын коммуникативтік қызметін меңгерту міндеттелінеді.

Жалпы білім беретін мектептердегі жаңа білім мазмұнының өзегіне алынған Мәдениет – Білім – Тарих үштағаны (макромоделі) қазақ тілі пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін жетілдіруде де басты тін деп саналады.

Яғни негізгі және бейінді мектептерде білім нәтижесі ретінде оқушының сөз мәдениетін қалыптастыруды көздейтін қазақ тілі пәнінің білім мазмұны сөз мәдениетінің екі сатысына сәйкестендіріліп құрылды.

Негізгі сатыда оның бірінші басқышы – сөз дұрыстығына (әдеби тіл нормалары) ден қойылса, бейінді мектепте екінші басқышы – сөз шеберлігіне басымдылық беріледі.

Бұл бағыттағы білім-біліктер 5-сыныптағы тіл білімінің сөз туралы ұғым қалыптастыратын лексикасынан бастау алып, 11-сыныпта сөз мәдениетінің жоғары сатысы деп саналатын шешендікпен тәмамдалатын біртұтас логикалық құрылымның жүзеге асуы барысында тиянақталады.

Білім берудің негізгі деңгейінде (5-9 сыныптар) қазақ тілін оқытудың мақсаты – ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу.

Бұл мақсатты орындау үшін танымдық және практикалық бағыттағы бірнеше міндеттер қойылады.

Танымдық бағыт бойынша:

- оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;
- әрбір тілдік бөлшектердің жалпы тіл жүйесіндегі орнын, маңызы мен ерекшеліктерін ажырата білуіне қажетті іскерлік-дағдыларын қалыптастыру;
- тілдің қоғамдық маңызын түсіндіру, ана тілінің бүгінгі таңдағы әлеуметтік рөлін, оның басқа тілдермен өзара байланысын, теңдігі мен бірлігін ұғындыру;
- оқушылардың логикалық ойлауын, қабылдау, түйсіну әрекеттерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- тілдік құбылыстарды абстрактылауды және жинақтауды үйрету, таным белсенділігін күшейту;
- тіл фактілері арқылы оқушының рухани дүниесін жетілдіру, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу;
- қазақ тілі сабағындағы пәнаралық байланыс арқылы қоғам, табиғат туралы адамзат жинап қорытқан білім негіздерімен қаруландыру.

Практикалық бағыт бойынша:

- оқушының тілдік сауаттылығын арттыру, әдеби тіл нормаларын меңгерту;
- тіл мәдениетін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу, жазу, тыңдау мәдениетінің талаптарына сай дағдыларды жетілдіру.

Қазақ тілі сабағы оқушы үшін тек грамматикалық ережелер жаттайтын, қызықсыз жаттығуларды құлықсыз орындататын пән қатарынан шығып, баланың ой өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіруі қажет. Бұл оқу материалдарының, жалпы білім мазмұнының ішкі байланыстарынан туындап, оқушының шығармашылық бағыттағы жұмыстарымен ұштасқанда жүзеге асырылады. Шығармашылық баланың интуициясына, қиялына, таным деңгейіне сүйеніп, оның өмірге, қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастыруға себін тигізеді.

Оқушының таным деңгейі оның сөйлеу тіліне, сөздерді орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрастыру, ойын жеткізе білу іскерлігіне тікелей тәуелді. Сондықтан жаңа бағдарламада оқушының тілдік білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың пәнге қызығуын, ынтасын арттыратын әлеуметтік, танымдық мотивтердің қалыптасуына жол аша отырып, алған білімдерін практикалық іскерлік-дағдыға айналдыру көзделеді.

Жаңа бағдарламада тілдік жүйенің берілу құрылымында және білім мазмұнында дәстүрлі бағдарламадан түбірлі өзгерістер бар.

Жаңа білім мазмұнын анықтаудың ұстанымдары – тілдік жүйе қызметінің толықтығы, білім мазмұны негіздерін топтап қорыту, білімнің қосарлана енуі, интеграциялау, ғылымилық және коммуникативтілік принциптеріне сүйеніп, қазақ тілінің білім мазмұнының құрамы мен құрылымына мынадай өзгерістер енгізілді:

5–8-сыныптардың бағдарламасы ана тілінің қызметі, қазақ тілінің қоғамдық рөлі туралы кіріспе тақырыптан әрі қарай әдеби тіл және мәтіннен басталады да, әдеби тілдің жазу мен сөйлеудегі мәні, мәтіндер бойынша ауызша әдеби тіл мен жазбаша әдеби тілдің ерекшеліктері аңғартылып, мәтіннің түрлеріне тілдік талдау (лингвистикалық) жүргізу үйретіледі.

Мұнда мәтіндерге тілдік талдауды әр сыныпта оқушылардың алған білімдерінің көлемінде жүргізу талап етіледі. Осы арқылы өтіп кеткен сыныптардағы тақырыптық-тілдік қайталаулар теориялық тақырыптар түрінде емес, мәтіндерді тілдік талдауда және әр сыныптың соңында берілген тіл мәдениетінде жүргізілетін жұмыс түрлерінде жаңа формада қайталанып бекітіледі, сөйтіп проблемалап оқытуға жол ашылады, тілдік құбылыстарды балалар өз бетімен талдап шешуге үйренеді.

Тілдік бірліктер жалаң оқытылмай, әр бірліктің беретін мағыналары, қызметі айқындалып, олардың сөйлеу әрекетінің базасы болу мүмкіндіктеріне сай ерекшеліктері нақтыланып, бағдарламаға енгізілді.

9-сынып – негізгі орта деңгейдің қорытындылаушы сыныбы. Сондықтан мұнда 5-8-сынып аралығында меңгертілген барлық білім, біліктер сөз қолданысы аясында, стиль түрлерімен біртұтастықта және сабақтастықта кеңейтіледі.

Кіріспе сабақта қазақ тілінің қоғамдық мәні түсіндіріледі. Ана тіліміздің көне түркі тілінен бастау алатындығы жөнінде мәліметтер келесі тарауда қысқаша тұжырымдалады.

Бұл сыныптағы ең негізгі саланың бірі – қазақ тілінің стилистикасы. Тарау бойынша берілетін білім мен біліктіліктер тіл мәдениетімен тығыз бірлікте қамтылады. Оқушы егер 5-8-сыныптарда әдеби тіл жөнінде практикалық сипаттағы мағлұматтарды игеріп келсе, 9-сыныпта осы тілдік іскерліктері теориялық тұжырымдармен бекітіледі.

Яғни қазақ әдеби тілінің стильдерінің: ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет, ресми іс-қағаздар, публицистикалық және ғылыми стильдердің өзіндік ерекшеліктері, қолданыс аясы туралы нақты білім беріледі.

Стильдің түрлерін оқытқанда олардың ортақ белгілері мен әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктерін ашу міндеттелінеді.

Сондықтан стильдің түрлері мынадай төрт белгісіне қарай нақты ажыратылып игертілуі шарт:

- I – әр стильдің қолданылатын орны;
- II – әрқайсысының жеке мақсаты;
- III – әрбірінің стильдік сипаты;
- IV – әр стильде жиі қолданылатын тілдік құралдар.

Осы бірізділікті сақтай отырып түсіндіру оқушының стиль туралы білімі мен білігінің сапасын арттыруға оң ықпал етері сөзсіз.

Оқушының жазба тіл сауаттылығын жетілдіру мақсатына сәйкес қорытындылаушы сыныптың соңғы тарауы пунктуацияға арналған. Төменгі сыныптарда жекелеген тақырыптарға қатысты айтылатын тыныс белгілері жөніндегі мағлұматтар қайта жаңғыртылып, ендігі жерде олар қолданылу орындарына қарай топтастырылып, жүйеленіп берілген. Мәселен, тыныс белгілері сөйлем ішіндегі және сөйлем соңындағы деп ажыратыла келе оқушының жазба тіл сауаттылығын шыңдауға мүмкіндікті молайтады. Міне, мұндай өзара сабақтастыққа негізделген білім жүйесі оқушының тілдік білімін тереңдетумен қатар сөйлеу біліктілігін де жетілдіруге септеседі. Нәтижесінде оқушының білім сапасы әдеби тіл нормалары (сөз дұрыстығы) тұрғысынан жаңа сатыға көтерілетін болады.

10-11 сынып – бағдарлы сыныптар деп саналады. Жоғарыда атап өтілгендей, бұл кезеңде сөз мәдениетінің екінші басқышын – сөз шеберлігін жетілдіруге басымдылық беріледі. Бейінді сыныптағы қазақ тілін оқытудың мақсаты – сөз мәдениетінің негіздерін таныту, сөз әдебиетінің қарым-қатынас түрлерімен байланысы жайлы, шешендік өнер туралы мағлұматтар бере отырып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, олардың интеллектуалдық, коммуникативтік қабілеттерін арттыру.

Осы мақсатқа сай туындайтын негізгі міндеттер:

- тілдің жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі рөлін түсіндіру;
- сөз қолданудың ұлттық дәстүрлерін жаңғырта отырып, сөз әдебінің нормаларын меңгерту;
- әдеби тілдің стильдік тармақтары туралы түсініктерін кеңейту;
- сөз сапасына қатысты ұғымдарды меңгерту;
- қарым-қатынас түрлеріне тән сөз әдептерін игерту;
- шешендік өнердің мәні мен тарихы туралы мағлұмат беру;
- шешендік сөздің тектері мен түрлері, олардың өзіндік ерекшеліктері жөнінде ұғым қалыптастыру;
- шешен сөйлеуге төсемді әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру;
- көркем сөз нормаларын меңгерту;
- көпшілік алдында сөйлей білу дағдыларын жетілдіру;
- пікірталас мәдениеті талаптарына лайық сөйлеу шеберліктерін шыңдау.

Бейінді мектепте өмірге қажетті тілдің функционалды жүйелеріне сай сөз саптауға машықтандыру барысында қазақ тілінің грамматикалық жүйесі туралы негізгі сатыда алған білімдері кеңейтіліп отырады. Мысалы, сөз әдебіне қатысты материалдар фонетикалық, лексикалық, синтаксистік білімдерін жаңғырта отырып меңгерілсе, жазба тіл мәдениетіне арналған тақырыптарда орфография мен пунктуация, стильдер туралы ұғымдарға көбірек назар аударылады. Ал, шешендікке баулу тіл тарихына, әлеуметтік лингвистикаға байланысты білімдерге негізделіп отырды.

Сөз әдебі, әдетте, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі мәдениетімен тұтастықта танылатындықтан, ол айналасындағылармен табыса білуге табан тірей отырып, қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және ресми-іскерлік секілді түрлеріне қарай сараланды. Осы қатынас түрлерінің мақсатына қарай тілдің қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктеріне көңіл аударылды. Ал, жазба тіл мәдениеті аясында, негізінен, іс-қағаздары стилі мен оқушылардың шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстарының үлгілері топтастырылды. 9- сыныпта стиль түрлері туралы білім берілгенмен, оларды нақты талдауды сағат саны көтермейтіндігін және бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұранымдарды ескере келе жоғары сыныпта ресми стильге арнайы сағат бөлінді.

Осы тақырыптар бойынша берілетін білім мен іскерлік-дағдылардың шығармашылық бағытта кең өрістеуіне 11-сыныпта шешендікке баулу арқылы мүмкіндік туғызылады. Себебі шешендік өнерге қойылатын талаптар тілдік талғам негізінде айқындалады да, практикалық жүйеде нақтыланып отырылады.

Шешендіктің тарихы, ұлттық шешендік өнердің ерекшеліктері, ғылым ретінде қалыптасуы, шешендік сөздің түрлері жөнінде берілген арнайы тақырыптарға негіздей отырып, шешендікке қажетті білім, дағды көлемдері анықталады. Шешендікке қойылатын талаптар, шешен сөйлеудің негізгі сапалары, шешендік сөздегі әдеби тіл нормаларының көрінісі, шешендікке қажетті дағдылар топтастырылып беріледі.

Одан кейінгі кезекте жұрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары, нақты сөзге дайындықтың сатылары, сөз құрылымы (сөздің кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы), тыңдарманмен байланыс жасаудың шарттары туралы мағлұмат беріліп, практикалық тапсырмалар мен тақырыптар көрсетіледі.

Курстың соңында пікірталасының түрлері, олардың әрқайсысының ерекшеліктері, пікірсайысындағы өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәдениеті туралы, оның талаптары мен шарттары ұлттық және мәдени дәстүрге негізделе отырып ұсынылады.

Өз пікірін қорғаудың, қарсыласын мойындатудың түрлі тәсілдері оқушы ұғымына ыңғайластырылған. Сұрақ қою, сұраққа жауап берудің әдіс-амалдары нақтыланып беріледі. Айтысу шеберлігін жетілдірудің негізгі жолдары анықталып көрсетілген. Мұғалімге көмек көрсету мақсатында бағдарлама құрамында оқушының сөз мәдениетін жетілдіруге қатысты әдістемелік бағыттағы тапсырмалар да сараланып берілген.

